

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 160 (9222) | 1953 жылғы 9 август Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

(А. Г. Зверевтің баяндамасынан).

ССРО Жоғарғы Советінің мәжлістері

ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және ССРО-ның 1951, 1952 жылдардағы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы

ССРО Финанс министрі А. Г. ЗВЕРЕВТІҢ баяндамасы

Депутат жолдастар! ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің көзгі міндеті — Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің тарихи қарарларына сәйкес Совет үкметі быйылғы жылға арнап белгілеген халық шаруашылығын өркендетудің және халықтың материалдық және мәдениет дәрежесін онан әрі көтерудің зор программасын орындауды қажетті қаржылармен қамтамасыз ету.

ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын орындаудың екі жарым жылдың қорытындылары өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, транспортты өркендетудегі совет халқының елеулі жаңа табыстарын, халықтың материалдық әлеуметтік жағдайын, денсаулық сақтау ісін және мәдениетті онан әрі өрге бастырғандығын айқын дәлелдейді.

Халық шаруашылығының барлық салаларының өркендеуі, еңбек өнімділігінің артуы және өнімнің өзіндік құнының кемуі елдің ұлттық табысын едәуір көбейтуді қамтамасыз етті. Мұның өзі халықтың тұрмыс дәрежесін онан әрі арттыруға, осы жылғы 1 апрельден бастап көпшілік тұтынатын товарлардың бағасын жаңадан кемітуге, сөйтіп жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысын және шаруалардың табыстарын көбейтуге мүмкіндік берді. 1951 және 1952 жылдардың ішінде және 1953 жылдың бірінші жартысында бөлшек сауда айналымы әлдеқайда артты.

1951—1952 жылдары, сол сыяқты 1953 жылдың бірінші жартысында халық шаруашылығы мен мәдениеттің өсуі ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспарында қойылған міндеттер ойдағыдай орындалып келе жатқандығын дәлел-

деуі ССРО-ның Мемлекеттік бюджетін ойдағыдай орындауға жағдай жасады. ССРО Жоғарғы Советінің бекітуіне ұсынылып отырған есең бойынша, ССРО-ның Мемлекеттік бюджеті мынадай сомаларда орындалған: 1951 жылы кірісі бойынша — 470,3 миллиард сом, шығысы бойынша — 443 миллиард сом және 1952 жылы: кірісі бойынша — 497,7 миллиард сом, шығысы бойынша — 460,2 миллиард сом. 1951 жылы бюджеттің кірісі шығысынан 27,3 миллиард сом, 1952 жылы 37,5 миллиард сом артық болды. Кірістердің шығыстардан мұншалық артық болуы халық шаруашылығына кредит жұмсауды мықтан ұлғайтуды қамтамасыз етіп, елде ақша айналысын онан әрі нығайтуға себепші болды.

Бюджет қаржысының есебінен жаңа фабрикалар, заводтар, машина-трактор станциялары, мәдени-ағарту мекемелерін және тұрғын үйлер салудың зор программасы қаржыландырылды, көпшілік тұтынатын товарлардың бөлшек бағасын кеміту жүзеге асырылды, ағарту және денсаулық сақтау мекемелерін ұстауға едәуір қаржы жұмсалды. Барлық бюджет шығындарының басты бөлігі табылатын халық шаруашылығы мен халықтың мәдени-тұрмыс қажеттеріне жұмсалған бюджет шығындары 1952 жылғы 301,6 миллиард сом болды, ал соғысқа дейінгі 1940 жылы 99 миллиард сом болған еді, яғни үш еседен артық өсті.

Өндіріс пен сауда айналымын ұлғайтуда кредиттік система маңызды роль атқарды, бұл система арқылы мемлекеттік жоспарларға сәйкес халық шаруашылығы қаржыландыруға ірі-ірі ақша ресурстары бөлініп отырылды. ССРО Мемлекеттік банкінің шаруашылығы өркендеуіне қамтамасыз ететін басқа да ең жаңа техникамен қаруландыруға көп қаржы бөлінді.

Ауыл шаруашылығы жөніндегі шараларды жүргізуге байланысты қосымша шығындар быйылғы жылы бюджетте 13,6 миллиард сом болады.

Мемлекеттік бюджеттің цифрларында партия мен үкметтің халықтың игілігіне деген, оның материалдық тұрмыс дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттыра беруге деген тұрақты қамқорлығы бейнеленген. Мұны бюджеттің халық ағартуға, денсаулық сақтауға, әлеуметтік қамтамасыздану мен қамсыздандыруға жұмсайтын шығындарының көбейгендігі дәлелдейді. Бұл мақсаттарға ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде 129,8 миллиард сом қарастырылған. 1952 жылғымен салыстырғанда бұл шығындар 7,0 миллиард сом немесе 5,7 процент көбейді. 1953 жылы бюджеттен әлеуметтік-мәдени шараларға бөлінген қаржылардың жалпы сомасынан ағарту ісін қаржыландыруға — 62,1 миллиард сом, денсаулық сақтау және физкультура шараларына — 24,8 миллиард сом, әлеуметтік қамтамасыздану мен әлеуметтік қамсыздандыруға, сол сыяқты көп балалы және жеке басты аналарға мемлекеттік жәрдем төлеуге — 42,9 миллиард сом бөлінді.

Совет үкметі бюджетте халық ағарту ісіне көп қаржы бөліп отыр. Ағарту жұмысына жұмсалатын шығындар жалпыға бірдей оқудың бастауыш, жетіжылдық және орта мектептерін, техникумдарды, жоғары оқу орындарын, ғылыми-зерттеу мекемелерін және ағарту жөніндегі басқа шараларды қаржыландыруды онан әрі көбейтуді көздейді.

Жалпыға бірдей оқудың мектептеріне

тауға жұмсалатын қаржылардың көбейтілетіндігі бейнеленген. Халықтың денсаулығын сақтау ісін онан әрі жақсарту, ауруханаларды, поликлиникаларды және басқа медициналық мекемелерді құрал-жабдықпен, ішкімдермен және шаруашылық саймандарымен жақсы қамтамасыз ету мақсатымен бюджетте қосымша 1.363 миллион сом қаржы бөлу көзделген, оның ішінде: аурулардың тамақ нормасын көбейтуге 526 миллион сом, дәрі-дәрмектерге жұмсалатын шығындарды көбейтуге — 221 миллион сом, ауруханалар үшін — қосымша ішкімдер сатып алу үшін — 277 миллион сом, медициналық және шаруашылық саймандарын алуға — 240 миллион сом, денсаулық сақтау мекемелерін күрделі жөндеуге — 100 миллионға жуық сом бөлінген.

Халықтың тұрғын үй жағдайын онан әрі жақсарту міндетін алға қоя отырып, үкмет 1953 жылға арналған бюджетте мемлекеттік тұрғын үй құрылысының көлемін арттыруға өткен жылғыдан қаржыны 25 процент артық бөлді.

ССРО Министрлер Советінің министрліктерді қайта құру ісін жүргізуіне және мемлекеттің шығындарын азайту жөніндегі басқа шараларға сәйкес, 1953 жылға арналған бюджетте мемлекеттік аппаратты ұстауға жұмсалатын шығындар 1952 жылға арналған бюджет бойынша бекітілген шығындармен салыстырғанда 6,5 миллиард сом мөлшерінде кемітілді.

Басқаруға жұмсалатын шығындарды онан әрі кеміту жөніндегі бар мүмкіншіліктерді әлі сарқылмағандығын айта кету керек. Дайындау, өткізу, жабдықтау ұйымдарының және көптеген басқа ұйымдардың басқару аппараттарында әлі де бөлсе едәуір басыартықтар бар. Министр-

ларының пайдалылығын белгілеудің кәзіргі қолданылып жүрген нормалары бағадағы болған өзгерістермен үйлеспейді.

Жаңа Заңның жобасы азаматтарға ауылшаруашылық салығын салу тәртібін түбірінен өзгертуді көздейді. Кәзіргі уақытта бұл салықтарды салу үшін колхозшылардың және басқа село халқының әрбір ауылшаруашылық дақылдарынан, баулардан, жүзімдіктерден, малдан, ара шаруашылығынан, жібек шаруашылығынан және ауыл шаруашылығынан түсетін кірістің басқа көздерінен келтіретін кірістері ескеріліп жүр. Осының бәрі кірістерді есепте алуда және салық салуға үлкен қиыншылық туғызып, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету ісіне теріс әсерін тигізіп келеді, сонымен бірге ауылшаруашылық салықтары жөніндегі финанс қызметкерлерінің ашпаратын ұстауға артық шығын жұмсауға әкеліп соғуда.

Жаңа Заңның жобасында колхозшыларға және ауыл шаруашылығымен шұғылданатын басқа жұртқа салықты колхозшының жеке пайдалануындағы жер учегіне қандай ауылшаруашылық дақылдарының егілгеніне қарамастан, тектардың әрбір жүздігіне берік белгіленген мөлшер бойынша салу көзделген. Колхозшылардың және селода тұратын басқа жұрттың жеке меншігіндегі бау шаруашылығынан, жүзімдіктен және малдан түсетін кірістер жеке-жеке есептелмейді.

Ауылшаруашылық салығын салудың мұндай әдісі колхозшылардың жеке меншігіндегі малдың санын көбейтуге себепші болады және үй іргесіндегі учасптерді өздеріне және мемлекетке неғұрлым қолайлы және пайдалы ауылшаруашылық дақылдарын егуге пайдалануға жеткізеді.

Одақ Советінің 1953 жылғы 7 августағы мәжлісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

7 августа, таңертеңгі сағат 11-де, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Одақ Советінің үшінші мәжлісі болды.

Председательлік етуші — Одақ Советінің Председателі депутат М. А. Яснов.

Одақ Советінің мәжлісінде ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және ССРО-ның 1951 жылғы және 1952 жылға арналған мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөздің жалғасы болды.

Жарыссөзде сөйлегендер: депутат Т. И. Кулиев (Сабирабад округі, Азербайжан ССР), депутат У. Ю. Юсупов (Ташкент—Сталин округі, Өзбек ССР), депутат А. Е. Кочинян (Ленинскан округі, Армян ССР), депутат А. Сүйеркулов (Тянь-Шань округі, Қырғыз ССР), депутат Г. Е. Коваленко (Грозный селолық округі, Грозный облысы), депутат Н. С. Тихонов (Дзержинский округі, Ленинград қаласы), депутат А. И. Козлов (Өскемен округі, Қазақ ССР), депутат Н. А. Литвинов (Череповец округі, Вологда облысы), депутат Д. Расулов (Куляб округі, Тәжік ССР), А. Ф. Третьяков жолдас (ССРО Денсаулық сақтау министрі), депутат С. Бабаев (Ташауз округі, Түркмен ССР), А. Е. Петрушев жолдас (ССРО кәсіпшілік кооперациясы Орталық Советі басқармасының председателі).

Осымен Одақ Советінің үшінші мәжлісі аяқталды.

Ұлттар Советінің 1953 жылғы 7 августағы

Бұл табыстардың бәрі жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағының, еліміздің халықтарының берік достығының, бүкіл советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігінің мүлтіксіз нығая беруінің нәтижесі. Совет Одағы Коммунистік партиясының саясатын тырнақтылықпен жүзеге асырудың нәтижесі болып табылады.

Еліміздің халық шаруашылығының

ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті

Депутат жолдастар! Бесінші бесжылдық жоспарда халқымыздың алдында бейбіт жемісті еңбектің және коммунизм құрылысында жаңа табыстарға жетудің зор перспективалары белгіленген. Совет халқы шаруашылық және мәдениет құрылысының орасан зор программасын жүзеге асыруда. 1953 жылы, бесінші бесжылдық жоспарға сәйкес, халықтың материалдық ал-ауқаты мен мәдени дәрежесін онан әрі көтеру, социалистік өндірістің барлық салаларын алдыңғы қатарлы советтік ғылым мен техниканың жетістіктерін енгізу маңызында күшейту көзделген.

Бюджетте бйылғы жылы көпшілік тұтынатын товарлардың мемлекеттік бөлшек сауда бағасын кемітудің соғыстан кейінгі жылдар ішіндегі ең ірілерінің бірінің жүзеге асыру, бұл товарлардың өндірісін едәуір ұлғайту сияқты маңызды үкметтік шаралар; ауыл шаруашылығын неғұрлым тез өркендетуді, халықты жабықтау үшін ауылшаруашылық өнімдерін, өнеркәсіп үшін шикізаттарды көбейтуді, колхоздар мен колхозшылардың экономикалық мүдделігін арттыруды, сол сияқты шаруаларға түсетін салықты едәуір азайтып, ауылшаруашылық салықтарын салу тәртібін өзгертуді қамтамасыз ету

Бюджет қаржыларының бағытталуы

ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің шығындары 1952 жылмен салыстырғанда 70,3 миллиард сом немесе 15,3 процент артады.

ССРО-ның Мемлекеттік бюджетінің қаржыларынан 1953 жылы халық шаруашылығына 192,5 миллиард сом, әлеуметтік-мәдени шараларға—129,8 миллиард сом, қорғанысқа—110,2 миллиард сом, басқаруға—14,3 миллиард сом жұмсалды. Бұл цифрлардан бюджет шығындарының көпшілігі халық шаруашылығын қаржыландыруға, әлеуметтік-мәдени керектерге арналғанын көреміз, мұның өзі бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін барына қанағаттандыру мақсатын көздейтін социалистік құрылыс жағдайында ғана бола алады.

Бюджеттің халық шаруашылығына жұмсайтын шығындары 1953 жылы өткен жылғымен салыстырғанда 13,7 миллиард сом немесе 7,7 процент артады. Бйылғы жылы бюджеттен халық шаруашылығын өркендетуге бағытталған сома-

дәрік қаржысының жалпы сомасы 1952 жылдың ақырында 203 миллиард сом болып, соғысқа дейінгі 1940 жылғыдан 3,7 есе артты.

Халықшаруашылық жоспарлары мен бюджеттің ойдағыдай орындалуы Совет Одағының өзінің социалистік экономикасын онан әрі мықтап өркендету, халықтың материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін үнемі арттыру жолымен батыл алға басып бара жатқандығын дәлелдейді.

жөніндегі зор шаралар; халық арасында таратылатын мемлекеттік земның сомасын екі еседен де көп азайту бейнеленген.

ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті зор көлемді күрделі құрылысты қаржыландыруды, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, транспортты, білім алуды, ғылымды, денсаулық сақтауды, әлеуметтік қамтамасыздандыруды онан әрі өркендету ісін қаржыландыруды қажетті қаржылармен қамтамасыз етеді.

ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін ССРО Министрлер Советі мынадай сомада бекітуге ұсынады: кірісі бойынша 543,3 миллиард сом, шығысы бойынша — 530,5 миллиард сом кірісі шығысынан 12,8 миллиард сом артық.

ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің құрамында 1953 жылғы 1 апрельден бастап азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын кемітуге бағытталатын 43,2 миллиард сом қаржы қаралған, бұл халыққа бір жылдың ішінде 46 миллиард сом пайда келтіруді қамтамасыз етеді.

дан, өнеркәсіп орындарының меншікті қаржыларынан басқа, 82,6 миллиард сом халық шаруашылығының барлық салаларын мүлтіксіз өсірудің негізі болып табылатын өнеркәсіпті, ең алдымен ауыр индустрияны қаржыландыруға жұмсалды. Бұл қаржылардың едәуір бөлігі өнеркәсіп орындарын салуға, өнеркәсіпті жетілдірілген жаңа машиналармен және механизмдермен қаруландыруға пайдаланылады. Халық үшін тұтыну заттарын шығаратын өнеркәсіпті онан әрі мықтап өркендетуге бюджеттен ірі-ірі қаржылар бөлінеді.

Ауыл шаруашылығын өркендету және дайындау саласындағы шараларға 1953 жылы бюджеттен, меншікті қаржылардан басқа, 39,9 миллиард сом бөлінеді. Бұл сомадан бйылғы жылы мал шаруашылығын, ояушы шаруашылығын онан әрі өркендетуге, МТС-тер мен совхоздарды көптеген жаңа тракторлармен, комбайндармен және социалистік егіншіліктің жаңадан өркендеуін, егін шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігін арттыруды

өзінше қаржы 22,4 миллиард сом болып белгіленді, мұнда бесжылдықтың ақырында жетіжылдық білім алудан республиканың астаналарында, республикаға бағынатын қалаларда, облыстық, өлкелік және аса ірі өнеркәсіп орталықтарында жаңа білім бірдей орта білім алуға көшуді аяқтау жөніндегі Үкметтің жүзеге асыратын шаралары ескерілген. 1953 жылы бастауып, жетіжылдық және орта мектептердегі оқушылардың саны бұрынғыдан 900 мың адам көбейеді, ал мұнда орта мектепті (онжылдықты) бітірген оқушылардың саны 1953 жылдың өзінде 1950 жылғымен салыстырғанда екі есе көбейеді. Жоғары оқу орындарындағы оқушылардың саны 1953 жылы 1.527 мың адамға, ал техникумда — 1.548 мың адамға жетеді.

1953 жылға арналған бюджетте денсаулық сақтау мекемелерін көбейтуге байланысты шығындардың және оларды үс-

Бюджеттің кірістері

Халықшаруашылық жоспары мен 1953 жылға арналған бюджетте белгіленген шаруашылық және мәдениет құрылысының зор программасын жүзеге асыруды бюджетке түсетін кірістер есебінен алынатын қажетті ақша қаржылары толық қамтамасыз етіп отырады.

ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті 1952 жылымен салыстырғанда социалистік шаруашылықтан түсетін кірістердің мұнан әрі көбейтілуін, сонымен қатар халықтан түсетін алымдардың азайтылуын көздейді. Бюджеттің мемлекеттік және кооперативтік кәсіп-орындар мен ұйымдардан түсетін кірістерінің құрамында айналым салығы 240,4 миллиард сом, пайдалану бөлінетін қаржы — 80,6 миллиард сом болып жобаланды.

Социалистік шаруашылықтан түсетін кірістердің өсуі өнеркәсіп және ауылшаруашылық өнімдерін шығарудың онан әрі көбеюі, сауда айналымының ұлғаюы, өзінің құнның кемуі және өндіріс рентабельділігінің артуы нәтижесінде болып отырады. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдаларынан бөлінетін қаржы сияқты кірістердің маңызды көзі бойынша бюджетке түсетін қаржы едәуір мөлшерде көбейеді. 1953 жылы пайдадан бөлінетін қаржы 22,2 миллиард сом немесе 37,9 процент көбейеді. Мұнда мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдаларының жалпы сомасы 111,5 миллиард сом болады.

1953 жылы бюджеттің кірістерін ойдағыдай орындау үшін шаруашылық ұйым-

Ауылшаруашылық салығы

Үкмет бюджет жобасымен бірге, ССРО Жоғарғы Советінің қарауына колхозшылардан және ауыл шаруашылығымен шұғылданытын басқа жұрттан алынатын ауылшаруашылық салығы туралы жаңа Заңның жобасын ұсынады. Жаңа Заңның жобасында бұл салықты едәуір кеміту көзделген. 1953 жыл үшін салықтың жалпы сомасы 4.137 миллион сом немесе 43

пайыз мен финанс органдары басқару аппаратының жұмысын ұйымдастыру ісімен неғұрлым терең танысып, оның жұмысын неғұрлым дұрыс ұйымдастыруды басқартық буындардың жойылуын, демек оны сақтауға жұмсалатын шығындардың азайтылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Совет Одағы халықтар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақ саясатын тырнақты жүргізе отырып, бейбітшілік жауларының таранынан жаңа агрессия жасалу қаупін ескере отырып, Отанмыздың хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолдануда. ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде қорғанысқа бөлінген 110,2 миллиард сом қаржы біздің айбынды қарулы күштеріміздің онан әрі жетілдіріле беруін, Совет Одағының қорғаныс қабілетін бұрынғыдан да нығайта беруді қамтамасыз етеді. (Қолшапалақтау).

дарының басшыларынан мемлекет алдындағы финанстық міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуына көңіл аударуды күшейте түсу талап етіледі. Әрбір кәсіпорын жоғары сапалы өнім шығару жөніндегі және белгіленген ассортимент бойынша өндірістік жоспарларды, өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырманы сөзсіз орындап, шаруашылық есебін барынша нығайтатын, материалдық және ақша қаржыларын пайдалануда үнемдеу тәртібін қатаң сақтайтын болуы қажет.

Халықтың арасында жазылу арқылы таратылатын мемлекеттік заемдардан түсетін кірістер 1953 жылға арналған бюджетте өлкен жылымен салыстырғанда, 19,6 миллиард сом кемітіледі, сөйтіп 16,7 миллиард сомның түсетіндігі жобаланып отыр. Бйылғы жылы ұтқан және өтеу тиражына шыққан облигациялар бойынша халыққа 9,8 миллиард сом немесе өткен жылдардан 3 миллиард сомға жуық артық төленеді.

Еңбекшілердің ал-ауқатын онан әрі арттыруға байланысты 1953 жылы халықтың жыйнақ ақшаларының өсуі 10 миллиард сом болып белгіленді. Жыйнақ қассаларында сақтауда тұрған жыйнақ ақшалардың жалпы сомасы 1953 жылдың ақырында 36 миллиард сомнан артық болады немесе соғыстың алдындағыдан бес есе көп.

1953 жылға арналған бюджетте халықтан алынатын мемлекеттік салықтардан түсетін қаржы 46,1 миллиард сом болып белгіленді.

процент кемиді, ал келесі 1954 жыл үшін салық 1952 жылғымен салыстырғанда екі жарым еседен де көп азаяды.

Салықтың мұншалық азаю себебі: азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасының талай рет кемітілуі нәтижесінде колхоз базарындағы баға едәуір кеміді, осыған байланысты кейбір ауылшаруашылық дақылда-

жоғарыда айтылғандай, ауылшаруашылық салығы берік мөлшер бойынша салынды. Гектардың жүзден бір бөлігіне салынатын салықтың мөлшері өлкелер, облыстар, республикалар үшін мынадай мөлшерде белгіленеді (сом есебімен): РСФСР — 3-тен 14-ке дейін, орташасы 8,5; Украин ССР: шығыс облыстары — 5-тен 12-ге дейін, орташасы 8,5, батыс облыстары — 2-ден 6-ға дейін, орташасы 4; Белорус ССР: шығыс облыстары — 3-тен 9-ға дейін, орташасы 6, батыс облыстары — 2-ден 5-ке дейін, орташасы 3; Өзбек ССР: суармалы жерлерде — 22, суарылмайтын жерлерде — 8; Қазақ ССР — 4-тен 13-ке дейін, орташасы 8; Грузин ССР — 4-тен 25-ке дейін, орташасы 13; Азербайжан ССР — 6-дан 18-ге дейін, орташасы 12; Литван ССР — 3; Молдаван ССР: сол жағалаудағы аудандар — 8, оң жағалаудағы аудандар — 4; Латвия ССР — 4; Қырғыз ССР — 4-тен 13-ке дейін, орташасы 9; Тәжік ССР: суармалы жерлерде — 22, суарылмайтын жерлерде — 8; Армия ССР — 13; Түркмен ССР: суармалы жерлерде — 20, суарылмайтын жерлерде — 8; Эстон ССР — 4; Карел-Фин ССР — 5.

Заңның жобасында облыстарға бөлінетін одақтас республикалардың Министрлер Советтеріне кейбір автономиялық республикалар, өлкелер және облыстар үшін жоғарыда көрсетілген шектерде, олардың экономикалық өзгешеліктеріне қарай салықтың мөлшерін көбейту немесе азайту правосы беріледі.

Оның үстіне, Заңның жобасында облыстарға бөлінбейтін одақтас республикалардың Министрлер Советтеріне, сол сияқты автономиялық республикалардың Министрлер Советтеріне, еңбекшілер депутаттарының өлкелік және облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне салықтың орташа мөлшеріне сүйене отырып, жеке аудандар үшін, ал қажет болған жағдайда жеке селолар үшін олардың экономикалық өзгешеліктеріне қарай салық мөлшерін белгілеуге право беріледі.

Кәзіргі уақытта жеке меншігінде сыйыры жоқ колхозшылар бар екендігіне байланысты, жаңа Заңның жобасы мұндай колхозшылар үшін 1953 жылы салықтың сомасын 50 процент кемітуді, ал 1954 жылы салынған салықтың сомасынан 30 процент кемітуді, сөйтіп осы уақыттың ішінде олардың сыйырлы болуына мүмкіндік беруді көздейді.

Жобада семьясының құрамында еңбекке жарайтындары жоқ колхозшылар мен жекешелерді 60 жастағы және одан асқан әйелдерді салықтан толық босату көзделеді. Селолық интеллигенция: дәрігерлер, мұғалімдер, агрономдар және басқалары салықтан босатылады. Семейларының мүшелері көмір, кен, ағаш және кейбір өнеркәсіп салаларында істейтіндердің шаруашылықтары да салықтан босатылады. Заң бойынша әскер қызметшілерінің мүшелеріне, сол сияқты Отан соғысының мүгедектері мен олардың семьяларына бір-қатар жеңілдіктер беру көзделген.

(Соңы 2-бетте).

мәжлісі туралы

ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

7 августа, көшкі сағат 6-да, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Ұлттар Советінің үшінші мәжлісі болды.

Председательдік етуші — Ұлттар Советінің Председателі депутат **Ж. Шаяхметов**.

Ұлттар Советінің мәжлісінде ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және ССРО-ның 1951 жылға және 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөздің жалғасы болды.

Жарыссөзде сөйлегендер: депутат П. С. Проконен (Питкьяранты округі, Карел-Фин ССР), депутат М. М. Меджидов (Хунзах округі, Дағыстан АССР), ССРО Машина құрылысы министрі С. А. Аюпов, депутат Г. Е. Буркацкая (Уманск округі, Украин ССР), депутат А. И. Мирцхулава (Галыск селолық округі, Абхаз АССР), депутат И. А. Афанасьев (Чебоксар округі, Чуваш АССР), депутат Б. А. Григорян (305-округ, Армия ССР), депутат М. М. Алиев (Лачинск округі, Азербайжан ССР), депутат Р. Т. Махль (Ракверес оңтүстік округі, Эстон ССР), депутат А. Т. Венцлова (Алитус округі, Литва ССР), депутат А. Сарьев (Каганович округі, Түркмен ССР).

Осымен Ұлттар Советінің үшінші мәжлісі аяқталды.

Балаларға қамқорлық

ХАРЬКОВ. 7 августа И. В. Сталин атындағы электр механикалық заводының жұмысшыларының, инженерлері мен қызметшілерінің балаларына арналған екі этажды ясли үйі пайдалануға берілді. Яслидің кең орамына ағаштар мен гүлдер отырғызылған, орындықтар және балалар ойнайтын алаңдар жабықталған.

Бұл — үстіміздегі жылы қалада ашылған балаларға арналған бесінші ясли. Соғыстан кейінгі жылдарда қалада балаларға арналған 86 ясли салынды және қалпына келтірілді. Оларда көзір 6 мыңнан аса балалар тәрбиеленеді.

НОВОСИБИРСК. Маслянин ауданының Чкалов атындағы колхозындағы ең жақсы үйде балалардың маусымдық ясли ашылды. Балаларға жақсы күтім жүргізіліп, дәмді тағамдар беріледі.

Көптеген ауылшаруашылық артельдері Чкалов атындағы колхоздың үлгісі бойынша маусымдық балалар яслиін құрды. Маслянин, Андреев, Легостаев, Кыштов, Болотное және басқа аудандарда маусымдық яслилер құру жоспары едәуір артығымен орындалды. Осының нәтижесінде бұрын жұмысқа қатыса алмай келген 20 мыңға жуық колхозшы әйелдер егін жыйнау жұмыстарына тартылды.

7 август. (СОТА).

ССРО Жоғарғы Советінің мәжілістері

ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және ССРО-ның 1951, 1952 жылдардағы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы

ССРО Финанс министрі А. Г. ЗВЕРЕВТИҢ баяндамасы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Үкмет ауылшаруашылық салығының өткен жылдардан қалған недоимкаларының бөрінен босатуды ұйғарды.

Колхоздарда еңбек ұйымдастыруды жақсарту және колхозшылардың еңбек тәртібін нығайту мақсатымен Заңның жобасында өткен жылы семьясының жеке мүшелері колхозда еңбекүнің белгіленген минимумын дәлелді себепсіз ташаған колхозшылардың шаруашылығы салықты 50 процент артық төлейтін болсын деп белгіленді. (Қолшапалақтау).

Одақтас республикалардың бюджеттері

Совет мемлекеті лениндік- сталиндік ұлт саясатын дәйектілікпен жүзеге асыра отырып, одақтас және автономиялы республикалар халықтарының шаруашылығы мен мәдениетін өркендетуге үемі көңіл бөледі. Мұның өзі республикалардың бюджеттерінен айқын көрінеді. Олардың бюджеттерінің кірісі мен шығысы жылдан жылға үздіксіз өсуде.

ССРО-ның Мемлекеттік бюджетінің жалпы көлемі ішінде одақтас республикалардың бюджеттері 1953 жылға 102,6 миллиард сом мөлшерінде жобаланды, оның ішінде республикалық бюджеттер 31,2 миллиард сом, жергілікті бюджеттер 71,4 миллиард сом. 1952 жылғымен салыстырғанда, республикалардың бюджеттері 4,8 миллиард сом немесе 4,9 процент өседі.

Одақтас республикалардың 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеттері мынадай мөлшерде белгіленді: РСФСР — 57,552 миллион сом, Украина ССР — 17,953 миллион сом, Беларусь ССР — 3,929 миллион сом, Өзбек ССР — 3,363 миллион сом, Қазақ ССР — 4,339 миллион сом, Грузия ССР — 2,693 миллион сом, Азербайжан ССР — 2,004 миллион сом, Литва ССР — 1,511 миллион сом, Молдаван ССР — 1,269 миллион сом, Латвия ССР — 1,541 миллион сом, Қырғыз ССР — 1,126 миллион сом, Тәжік ССР — 1,103 миллион сом, Армия ССР — 1,209 миллион сом, Түркмен ССР — 1,060 миллион сом, Эстон ССР — 1,101 миллион сом, Карел-Фин ССР — 892 миллион сом.

Бұл цифрлар одақтас республикаларда шаруашылық және мәдениет құрылысының зор көлемде жүргізіліп отырғанын дәлелдейді. Республикалық және жергілікті органдар өздерінің бюджеттері бойынша белгіленген қаржыны толық жыйнап,

Ауылшаруашылық салығы туралы жаңа Заң колхоздарды ұйымдық- шаруашылық жағынан нығайтуға, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге және колхозшылардың табысын көбейтуге себепші болады.

Социалистік шаруашылықтан және халықтан түсетін бюджетте көрсетілген кірістердің толық түсуі үшін барлық төлеушілердің салықтарды және басқа төлемдерді төлеудің Заңда белгіленген мерзімдерін қатаң сақтау қажетті шарт болып табылады.

облыстарда бұл мәселелерге тиісінше көңіл бөлінбейтінін айту қажет. Мемлекеттік кірістер мен салықтардың едәуір бөлігі республикалық және жергілікті бюджеттерге түсе тұрса да, оған қарамастан кейбір республикалар мен облыстарда олардың толық және мезгілінде түсірілуі қамтамасыз етілмейді. Қырғыз республикасының Жалал-Абад облысында, Күрек облысында және басқа бірқатар облыстарда мемлекеттік кірістер мен салықтарды жыйнау жұмысы нашар ұйымдастырылған. Қазақ республикасының Ақтөбе облысында, Тәжік республикасының Ленин-Абад облысында, сол сияқты Смоленск және Калуга облыстарында көптеген мемлекет мен ұйымдарда финанстік тәртібін көріне бұзушылық және қаржыны орынсыз жұмсау етек алып келді.

Одақтас және автономиялы республикалардың министрлер советтері, еңбекшілер депутаттары Советтерінің атқару комитеттері кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық-финанс жұмысын ұйымдастыру мәселелеріне көңіл бөліп, бюджеттерді орындау және шаруашылық жоспарларының орындалуын, үнемшілік тәртібін сақтауын бақылау ісінде финанстік органдарына күнбе-күн көмектесіп отыруға тиіс. Финанс органдары мемлекеттік кірістер мен халықтан жыйналатын төлемдердің бюджетке мезгілінде түсуін қамтамасыз ету жөнінде өздерінің жұмысын жақсартып, барлық кәсіпорындар мен ұйымдардан өздерінің бюджет алдындағы міндеттемелерін орындау, материалдық және финанстік ресурстарды пайдалану жөнінде мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауды талап етулері керек.

Одақтас республикаларда шаруашылық және финанс жұмысын жақсарту бұл

болып табылады. Өндірістің кейбір салаларында жабдықты пайдаланудың белгіленген нормалары әлі де орындалмай отырғанын айту қажет. Мысалы, Металлургия өнеркәсібі министрінің көп заводтары 1952 жылы домна және мартен пештерін пайдалану нормаларын орындамады. Көмір өнеркәсібінде машиналар мен жабдыктарды пайдалану ісінде едәуір көпшіліктер бар. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырмалардың орындалмауына себеп болады.

Шикізат пен материалдарды артық жұмсау, браққа, ұқыпсыздыққа және басқа өнімсіз шығындарға жол беру салдарынан көптеген кәсіпорындарда ырап әлі де көп болып келеді.

Министрліктердің, кәсіпорындардың және ұйымдардың басшылары, озат техникашы және өндірістің прогрестік технологияшысы онан әрі енгізу, жаңа үнемделгі материалдарды және толық құнды қосалқы материалдарды кеңінен қолдану, өнімнің сапасын арттыру, өндірістегі браққа және ырапқа қарсы батыл күрес жүргізу жолымен материалдарды мейлінше үнемдеуге тиіс.

Құрылыс ұйымдарында үнемшілік тәртібін едәуір күшейту қажет. Жұмысты неғұрлым өдіріп істейтін машиналары болып отырған бұл ұйымдардың еңбекті неғұрлым тиімді ұйымдастыруға құрылыс материалдарына жұмсалатын шығынды азайтуға және үстеме шығындарды кемітуге зор мүмкіншіліктері бар.

Құрылыстары айналма қаржының өсуін қосқанда, 1953 жылға жұмсалатын күрделі қаржының жалпы сомасы 156,1 миллиард сом болады, оның ішінде бұл мақсатқа бюджеттен 106,7 миллиард сом бөлінеді. Құрылысқа керекті қалған қаржы шаруашылықтың пайдасына, жаңғыртуға беретін үлесіне және басқа қорларынан қамтамасыз етілуге тиіс, оның өзінде көтере сауда бағаларын, тарифтерді және құрылыс-монтаж жұмыстарының құнын кемітуден алынатын үнем 15,5 миллиард сом болады.

1953 жылы құрылыс жұмыстарының белгіленген жоспарларын орындау үшін құрылысты ұйымдастырудағы ірі-ірі кемшіліктерді жою керек болады. Бұл кемшіліктер құрылыс жұмыстарының едәуір қымбаттауына және оларды аяқтау ме-

жақсарту жөнінде маңызды шаралар қолданды.

Министрліктерді ірілендіру, министрлердің праволарын едәуір кеңейту, мемлекеттік аппарат системасындағы бірсыпыра қажетсіз буындарды жою бүкіл шаруашылық жұмысына басшылықтың дәрежесін онан әрі арттыруға қолайлы жағдай туғызды. Кәсіпорындардың жұмысына неғұрлым жедел және нақтылы басшылық етуге, оларға қаржымен қажетті көмек көрсетіп отыруға және олардың жұмысын бақылауды жақсартуға кәсіп министрліктердің толық мүмкіншіліктері бар.

Бұған байланысты министрлердің нормалар белгілеу, артық қаржыны қайта бөлу және кәсіпорындардың уақытша бос тұрған айналма қаржыларын пайдалану, сол сияқты бюджеттен берілген қаржыны және банк кредитін пайдалану жөніндегі праволарын кеңейтудің зор маңызы бар. Бұл шаралар кәсіпорындардың жұмысына неғұрлым жедел және нақтылы басшылық етуге мүмкіншілік туғызды, онымен бірге кәсіпорындардың ресурстарының неғұрлым дұрыс және тиімді пайдаланылуы қамтамасыз етуге министрліктердің жауаптылығын күшейтеді.

Өндірісті және товар айналымын ұлғайту жоспарларын негізге ала отырып, 1953 жылы кәсіпорындар мен ұйымдардың айналымы қаржысы 15,1 миллиард сом, мұның ішінде олардың өз ресурстары есебінен 10,8 миллиард сом, бюджет есебінен 4,3 миллиард сом көбейтіледі.

Айналымдағы қаржыны неғұрлым өнімді және дәл арналған қажетке пайдалану болуы керек. Министрліктер және олардың басқармалары кәсіпорындардың шаруашылық-финанс жұмысын неғұрлым терең зерттеп білуге, оларға берілген қаржының пайдаланылуын бақылауды күшейтуге тиіс. Бұл міндеттерді орындау орталықта да, сол сияқты жергілікті орындарда да экономикалық, есептік тексеру жұмысын жақсарту, бұл уақыткерді білімді және тексерілген маман кадрлармен нығайтуды керек қылады.

Сол сияқты финанс органдары шаруашылық жоспарларының орындалуын және үнемшілік тәртібін сақтауын, барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекет алдындағы міндеттемелерін мезгілінде толық орындауын, материалдар мен ақшадан қаржыны жұмсауда аса қатаң үнемшілік тәртібін қолданылуын бақылау

ССРО Әуе Флоты Күні

Авиацияның генерал-лейтенанты И. И. ТЕРЕНТЬЕВПЕН әңгіме

9 августа совет халқы және оның Қаулы Күштері ССРО Әуе Флоты күнін мерекелейді. Бұл дәстүрлі мерекеде әуе қырандары өздерінің шеберліктерін көрсетеді, авиациялық ғылым мен техника саласындағы тамаша табыстар көрсетіледі.

ССРО Әуе Флоты Күні біздің Отанымыздың еңбекшілерінің халық шаруашылығының, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларында ірі жеңістерге ие болған жағдайында мерекеленеді. Совет авиациясының қызметкерлері, Совет Армиясының жауынгерлері сияқты, бүкілхалықтық мерекені жауынгерлік және саяси азірдікте жаңа табыстармен қарсы алып отыр.

Біздің еліміз — әуеде жүзіп ұшудың және авиацияның Отаны. Орбы ғалымдары және ғарышкерлері — Ломоносов, Менделеев, Можайский, Жуковский және басқалары авиация ғылымы мен техникасын Батыс Еуропа мен Америкадағылардан бірнеше жыл бұрын жасады.

Авиация Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін шапшаң өркендеді. Совет өкметі орнағаннан кейінгі алғашқы күндерден бастап-ақ Коммунистік партия басқарған халық жұмысын табы Әуе Флоты құрылымы ісін өз қолына алды.

Отан соғысының алдындағы алғашқы бесжылдықтардың ойдағыдай орындалуы совет авиациясының алдында үлкен пресективтар ашты. Елімізде Отандық авиациялық өнеркәсіп құрылды. Ол кәсір дүние жүзінде бірінші орынға ие болып отыр.

Партиямыз бен үкметіміздің алысқа, шапшаң, биік ұшу жөнінде қойған міндеттерін орындай отырып, совет ұшқыштары өздерінің Отанын аса көрнекті табыстардың даңқына бөледі. 1934 жылы Совет Одағының батыры М. Громов «АНТ-25» самолетімен әуеде 75 сағат 12 минут болып ешбір жерге қонбастан, айналма жолмен 12.411 километр жер ұшты. Совет ұшқышының бұл нәтижесі ұшу алыстығы жағынан дүниежүзілік жаңа рекорд болды. 1935 жылы Совет Одағының Батыры В. Коккинаки Отандық техниканың көптеп шығарылатын самолеттерінің бірімен 14.775 метрлік биіктікке көтерілді. Мұның өзі биікке ұшу жөнінен бұрын итальяндықтар ғана ие болып келген дүниежүзілік рекордтан асып түсті. В. П. Чкаловтың және М. М. Громовтың экипаждарының Солтүстік полюс арқылы Америкаға ұшын барған әуе сапарлары Әуе Флотының тамаша жеңісі болды. Челюскиншілерді қиыншылықтардан құтқару күндерінде Отанымыздың даңқты қырандары Арктиканың қиын жағдайларында ерлік ұшу сапарларын жасады.

Әуе Флоты ұшқыштарының бұл және басқа тамаша ұшу сапарлары біздің техникамыздың қуаттылығы мен жоғары сапалылығының, совет қырандарының теңдесі жоқ шеберлігінің айқын сипаттамасы болып табылады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында совет авиациясының қуаттылығы барлық жағынан айқын көріне түсті. Соғыс және азаматтық авиацияның ұшқыштары өздеріне жүктелген жауынгерлік міндеттерді аброймен орындап, жауды талқандауға өздерінің үлестерін қосты.

Әуе Флоты солдаттарының, старшиналарының, офицерлері мен генералдарының даңқты қаһармандық ерліктерін Отанымыз лайықты бағалады. Соғыс жылдарында ондаған мың жауынгер-авиаторлар ордендермен және медальдармен наградталды. Екі мыңнан астам ұшқыштарта Совет Одағының Батыры атағы берілді, 60-тан астам даңқты ұшқыштар Батыр атағын екі реттен алды, ал әуе шайқасының тамаша шеберлері А. Покрышкин мен Н. Кожедуб омырауларына үш жұлдыздам тағып жүр.

Соғыс жылдарында Әуе Флоты онан сайын нығайып, күшті болып алды және жауынгерлік тәжірибесін байытты.

Соғыстан кейінгі жылдарда советтік соғыс және азаматтық авиация өзінің өркендеуінің жаңа кезеңіне кірісті. Біздің ұшқыштарымыз реактивтік самолеттерде жеке және топтық ұшудың жоғары шеберлігін дүние жүзінде бірінші болып меңгерді.

Миллиондаған еңбекшілердің армияға, авиацияға және флотқа көмектесудің Бүкілодақтық ерікті қоғамының жұмысына қатысуы совет авиациясын нығайтуға бүкілхалықтық қамқорлық жасалып отырғандығын айқын дәлелдейді. ДОСААФ-тың бастауымен ұйымдары соғыс-техникалық және авиациялық білімдер жөнінде еңбекшілер арасында насихат және үгіт жұмысын кеңінен жүргізуде, өздерінің мүшелерін соғыс-авиациялық және авиациялық-техникалық мамандықтарға үйретуде.

Әуе Флотының ұшқыштары Отанымыздың әуе шекараларын қырағылықпен күзетуде, өздерінің жауынгерлік және саяси білімдерін табандылықпен арттыруда, жауынгерлік шеберлік пен авиациялық мәдениетті жетілдіруде, әскери тәртіптен әскери қызметті ұйымдастыру дәрежесін онан сайын жоғары көтеруде.

Бүкіл Совет Армиясымен бірге әуе сақшыларымыз коммунизмді сеніммен орнатып жатқан совет халқының бейбіт еңбегін қырағылықпен күзетуде.

(СОТА).

КИНО

Бостандық туралы фильм

Бес ғасыр бойы түрік сұлтандары екеніне көзі жете тұрса да өзінің оқу-

қамтамасыз етуге міндетті.

Алайда, бірқатар республикалар мен

Қор жыйнаудың ішкі шаруашылық көздері толық пайдаланылып, үнемшілік тәртібі күшейтілсін

Депутат жолдастар!

ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті, социалистік қор жыйнауды оған әрі ұлғайту және шаруашылық жұмысының үлкенді-кішілі барлық учасктерінде мейлінше қатаң үнемшілік тәртібін жүргізу үшін ішкі шаруашылық көздерін пайдалану міндеттерін ескере отырып жасалды.

Соғыстан кейінгі жылдарда өндірістің үздіксіз ұлғайтылуы, еңбек өнімділігінің арттырылуы, материалдарды және қаржыны үнемдеп пайдалану нәтижесінде өнімнің өзіндік құнын кеміту және кәсіпорындар мен шаруашылық салаларының рентабельділігін арттыру ісінде елеулі табыстарға қол жетті. Мұның өзі қор жыйнаудың көлемін ұлғайтуға, еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесінің өдеуі артуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Шаруашылық және мәдениет құрылысының программасын ойдағыдай орындау, оны мезгілінде қажетті қаржымен қамтамасыз ету үшін халық шаруашылығының барлық салаларында шаруашылық есепті нығайту, үнемшілік тәртібін бұзбай отырып, қор жыйнаудың ішкі шаруашылық көздерін пайдалану жолындағы күресті келешекте де қажырлылықпен жүргізу керек болады.

Бәзір, елімізде халық шаруашылығы оған сайын мықтап өркендетіліп, көпшілік тұтынатын товарлардың бағасы үнемі кемітіліп отырған кезде, қатаң үнемшілік тәртібін жүргізудің маңызы оған сайын арта түседі.

Өндірістің рентабельділігін арттыру, қор жыйнаудың ішкі шаруашылық көздерін пайдалану және Мемлекеттік бюджетті ойдағыдай орындау ісінде үнемшілік тәртібін сақтау зор роль атқарады. Үнемшілікті күшейту бюджеттің кірістерінің өсуіне, қаржыны тиімді пайдалануға, кәсіпорындар мен ұйымдардың финансын нығайтуға бастайды.

1953 жылы өнеркәсіп өнімінің өзіндік құнын 6,1 процент, құрылыс жұмыстарының құнын 3,2 процент кеміту көзделді. МТС-тердің трактор жұмыстары мен темір жол тасымалының өзіндік құны аз едеуірі кемітуге тиіс. Бұл міндеттер өндірістің ұйымдастырылуын жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру, материалдарды, ұқыпты пайдалану, сол сияқты транспорт шығындары мен үстеме шығындарды, сауда шығындарын мейлінше азайту жолымен орындалуға тиіс.

дендет құрылысының жоспарларын орындауға көмектеседі.

Кәсіпорындардың көбі өздеріне берілген өзіндік құнды кеміту тапсырмаларын орындап отыратынын, өндірістің рентабельділігін аттырып, бюджетте кіріс және төлем тапсыру жоспарларын орындайтынын атап көрсету қажет.

Өткен жылы өнеркәсіпте өнімнің белгілі өлшемінде шамадан асып шықатынын, материалдардың, отынның шығыны 1951 жылғыдан кемітіліп, жабдықты пайдалану жақсартылды.

Алайда кейбір министрліктер өткен жылы қор жыйнау жоспарларын және өздерінің бюджет алдындағы міндеттемелерін толық орындамады. 1952 жылы ағаш және қағаз өнеркәсіп, көмір өнеркәсіп, жеңіл және тамақ өнеркәсіп, транспорт машиналарын және ауыр машиналар жасау министрліктері қор жыйнау жоспарын өдеуірі кем орындады және жоспардан тыс зиян көрді.

Мәселен, ССРО Жеңіл және тамақ өнеркәсіп министрлігі бойынша пайда келтіру жоспары 1,6 миллиард сом кем орындалды. Оның үстіне бұл министрлік ауыл шаруашылық өнімін дайындау, сақтау және өткізу жөніндегі үстеме шығындарды кеміту тапсырмаларын 280 миллион сомнан астам кем орындады. Балық өнеркәсібінде пайда келтіру жоспарын кәсіпорындардың үштен екі бөлігіне жұмыс орындамады.

Тұтастай алғанда жоспарларды кіріс жағынан орындаған басқа министрліктердің құрамында өзіндік құнды кеміту тапсырмаларын орындамаған және көп ырапқа жол берген кәсіпорындар аз емес.

Үкмет жеке министрліктердің 1952 жылғы шаруашылық және финансы жұмысының нәтижелерін қарап, министрлерге финансы тәртібін бұзылуын жоюды, барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың өндіріс және финансы жоспарларын орындауының барысын қатты бақылап отыруды және олардың жұмысын жақсартуға нақтылы шаралар қолдануды міндеттеді.

Кәсіпорындар мен министрліктерде өндірістік және финанстық жоспарларды жақсарту, өнімнің өзіндік құны жоспарларын жасағанда алдыңғы қатарлы заводтардың жұмыс нормаларын және материалдарды, отынды, электр қуатын жұмсау мөлшерлерін есепке ала отырып жасау бұл міндеттерді орындаудың қажетті шарты болып табылады.

Өнеркәсіп жабдыктарын нәтижелі пайдалану өнім шығаруды ұлғайтудың және қор жыйнауды көбейтудің маңызды шарты

1952 жылы көптеген құрылыс ұйымдары құрылыстың өзіндік құнын кеміту тапсырмаларын орындамады. Мәселен, Құрылыс министрлігінің бірсыпыра ұйымдары жұмысшы күшін, машиналарды және материалдарды пайдалану ісінде елеулі кемшіліктер болғандықтан, сол сияқты басқа себептердің салдарынан құрылыс-монтаж жұмыстарының көп қымбаттауына жол берді. Құрылыс-монтаж жұмыстарына қаржыны смета бойынша белгіленген мөлшерден артық жұмсаудан және басқа өнімсіз шығындардан көрген зиян 1952 жылы бұл министрлік бойынша 725 миллион сом болды, ал жоспар бойынша 1,025 миллион сом пайда келтіру көзделген еді. Көмір өнеркәсіп және Қатынас жолдары министрліктерінің құрылыс ұйымдары да көп зиян болуына жол берді.

Министрліктер және құрылыс ұйымдары құрылыс жұмыстарының және олардың өзіндік құнын кемітудің үкмет белгілеген жоспарының сәзсіз орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Финансы органдары және ұзақ мерзімге қаржы беру банктері құрылыс ұйымдарын қаржыландыра отырып, құрылыстың барысын бақылауды жетілдіріп күшейтуге, қаржы жұмсаудың белгіленген нормаларын бұзбай отырып орындау, қаржыны қатты үнемдеп жұмсауды талап етуге тиіс.

Өнеркәсіп банкінің жұмысында елеулі кемшіліктер бар екенін айту қажет. Өнеркәсіп банкінің көптеген конторлары құрылыстың құнын кеміту тапсырмаларының орындалуын әлі де жеткілікті бақылап отырмайды, ішкі ресурстарды пайдалану үшін ойдағыдай күрес жүргізбейді және құрылыста жоба-смета тәртібін бұзбай отырып орындау жөнінде ойдағыдай талап қойып отырмайды.

МТС-тер мен совхоздарда қаржыны үнемдеудің елеулі резервтері бар. Өткен жылы МТС-терде трактор жұмыстарының өзіндік құны белгіленген дәрежеден 3,3 процент асып түсті. Тракторларды жөндеу құнының асып түсуі, жанармайға және өкімшілік-басқару шығындарына қаржының артық жұмсалуды, сол сияқты дизельді тракторлар атқаратын жұмыстар жоспарының орындалмауы салдарынан 386 миллион сом бюджет қаржысының артық жұмсалуына жол берілді.

Тракторларды пайдалануды жақсарту, тракторшылардың еңбек өнімділігін арттыру, машиналарды жөндеу сапасын жақсартып, оған жұмсалатын шығынды азайту есебінен МТС-тердің трактор жұмыстарының өзіндік құнын кемітуге болады.

Белгіленген жоспарларды ойдағыдай орындау үшін соңғы кезде Үкмет мемлекеттік және шаруашылық басшылықты

өздерінің ролін күшейтуге тиіс. Финансы органдары кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық-финансы жұмысын әлі де жеткілікті бақылап отырмайтынын, өндіріс салалары мен кәсіпорындардың экономикасын ойдағыдай зерттейтінін, мемлекеттік финансы тәртібін бұзушыларға кәй көздерде қажетті талап қоймайтынын мойындау керек.

Сол сияқты финансы органдары халық шаруашылығындағы барлық ішкі ресурстарды пайдалану жөнінде өздерінің жұмысын жақсартып, шаруашылық ұйымдарынан бюджетке берілетін төлемдердің мезгілінде түсуін бақылауды күшейтуге тиіс.

Бұл жөнінде мемлекеттік банк пен оның мекемелері алдың зор маңызы бар міндеттер қойылады. Олар шаруашылықтағы есеп-қыйсаптың жайын бақылауды жақсартып, шаруашылық ұйымдарын өздеріне өнім берушілер мен банктер алдындағы міндеттемелерін мезгілінде орындау үшін батыл күрес жүргізуге тиіс.

Мейлінше қатаң үнемшілік тәртібін жүзеге асырудың барлық мәселелеріне біздің бүкіл шаруашылық жұмысымызда әрдайым айрықша көңіл бөлінуге тиіс. Әрбір кәсіпорын өндірістің ұйымдастырылуын үнемі жақсартып, өнімнің өзіндік құнын кеміту тапсырмаларының толық және асыра орындалуын қамтамасыз етіп отыруға тиіс.

Шаруашылық қызметкерлерінің кәсіпорындардың экономика мәселелері мен финанстарына көңіл бөлуін күшейту Мемлекеттік бюджетті ойдағыдай орындауға көмектеседі.

* * *

Депутат жолдастар!
Совет халқы 1952 жылы халық шаруашылығын өркендетуде өдеуірі табыстарға жетті.

ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті—Совет Одағының қуатын оған сайын нығайту бюджеті. Бюджет социалистік экономиканы оған сайын мықтап өркендетуді, совет халқының материалдық және мәдени дәрежесін арттыруды қажетті қаржымен қамтамасыз етеді.

ССРО-ның Мемлекеттік бюджетін орындау жөніндегі жұмысымыздың бәрі Коммунистік партияның XIX съезінің қарарлары негізінде, социалистік қор жыйнауды ұлғайту ісінде өдеуірі жаңа нәтижелерге жету үшін барлық мүмкіншіліктерді пайдаланатындай болу керек.

Бюджетті ойдағыдай орындау Отанымыздың экономикалық қуатын оған әрі нығайтуға, совет халқының материалдық әл-ауқаты мен мәдениетін үздіксіз арттыра беруге, коммунистік қоғам құрылысында жаңа табыстарға жетуге көмектеседі. (Ұзақ қолшапалақтау).

ның жоғалдық қанауында еліміз, жанып шығған болгар халқы өзінің басына түскен ауыр халымен еш уақытта келісімге келе алған жоқ. Денесін сығымдап, бас көтерпеген шынжыр бұғауды шарт үзбек болып, сан рет тулап бұлқынды. Бірақ, әуақыт сәтсіздікке ұшырап, дегендеріне жете алмай қалып отырды. Себебі, ол кезде оларға сырттан қол созып, көмек ұсынған ешкім болмады. Екіншіден, түріктерге сатылып, жалдамалы агенттік роль атқарған болгар байлары халықты екінші жақтан қанап, қыймылдауға мұршасын келтірмей жолына бөгеу болды, өз иесін талаған иттей, өз халқына қарсы шығып отырды.

Бірақ, осындай шытырман қыйындықтарға қарамай, азаттық тілеген халық күшінің тасқыны тоқтап қалмады, барған сайын ұлғайып, үдеп отырды. Бір көтеріліс басылса, екінші көтеріліс оты өршіді.

Болгар жазушысы Иван Вазовтың бір аттас романы бойынша София кинестудиясы жасап шығарған «Езгіде» атты көркемсуретті фильм болгар халқының осындай ерлік күресінің бір эпизодын баяндайды.

Картина басталғанда болгар кедейлерінің түрік сұлтанына алым-салық апаруға жатқандарына, оларды қамшымен ұрып, малша айдап бара жатқан түріктерге таудың басында ызалана, өшіге қарап тұрған жас болгар жігітін көреміз. Бұл — Иван Кралич.

Иван Краличтің халық-азаттық күресіне қатысқан революциялық ісі үшін 1868 жылы өмір бойына түрмеге қамалған болатын. Арада бес жыл өткеннен кейін оның түрмеден қашып шығып, туған еліне қайтып келіп тұрған беті осы еді. Ел басындағы ауыр хал әлі бағы қалпында. Кралич оны өз көзімен көреді.

Иван Краличтің қолына қайтадан қару алуы: дүірменшінің жас қызын күшпен аңаңша зорлап, қорламақ болған екі түрікті балтамен шауып өлтірумен басталады. Түріктер кешікпей-ақ ел ішінде бір толқының соға бастағанын, оны бастаушы біреу бар екенін сезеді. Олар Иван Краличті елде «бандит» деп жариялап, ізіне түседі. Бірақ, халық өзінің қалаулы ұлын жау қолына ұстап бермек емес, оны ел ішіне жасырады. Белая Церковь түрғындарының көмектесуі арқасында Кралич Огнянов деген ағпен жергілікті мектепке мұғалім болып орналасады.

Огнянов (Иван Кралич) революциялық қыймылдың кеңінен жүргізе береді. Ескі революционер, доктор Соколов, мұғаліма Рада, кедей шаруа Боримечка сияқты көптеген ең адал адамдардың көмегімен астыртын революциялық комитет ұйымдастырады. Комитетке өз халқының мүддесі мен бостандығы жолында өмірлерін құрбан етуді аброй санайтын жауынгер адамдар жыйналады. Олар алмас қарудың жүзін сүйіп тұрып, бар күш-жігерлерін бостандық үшін аямауға, керек десе, өмірлерін қыюға ант береді.

Жас сұлу қыз Рада өз басына хауып

шыларына «еріңді» деген сөздік жанынасын түсіндіреді. Болгар халқы түрік сұлтандарының езушілігінен құтқаратын ұлы орыс халқы екенін айтып ұғындырады.

Революционерлер Обориште деген жерде халық жыйналысын шақырады. Жыйналыста азаттық көтерілісті 1-май күні бастауға келіседі. Олар: «Езушілердің қаны төгілетін де уақыт жетті, ал, біз бостандықты жеңіп аламыз» деген жалынды ұранмен халықты көтеріліске үндейді. Тыңшылар көтеріліс болатын күнді түріктерге хабарлайды. Түріктер көтерілісті басуға дайындалады. Мұны революционерлер біледі. Көтерілісті енді кешіктіруге болмайтын еді. Себебі, түріктер күш жыйнап алуы мүмкін. Сондықтан да Огнянов көтерілісті 1-май күні емес, одан ерте, 20 апрельде бастауға әмір етеді. Бұл 1876 жылы еді.

Көтеріліс басталды. Халық теңізге құйған өзендей ағылып келіп көтерілісшілерге қосылды. Олар деревнялардағы түрік байларын қуады. Көпшілігін қолға түсіреді. Олардың ішінде адам бейнесінен айырылған азғын, ел ішін жыландай жайлаған халықтың қас жауы жергілікті байлар да бар.

Көтерілісті басуға түріктердің тұрақты армиялары келеді. Олар деревняларды от пен жалынға күйдіреді. Адамдарды атып, асады. Жазығы жоқ жас нәрестелерді аюан жүректі адамдар тірідей отқа лақтырады. Бауырына қысқан жас сәби бар аяны аюандықпен өлтіреді.

Күші басым жаумен кескілескен ұрыста көтерілісшілер қолы қыйрайды. Огнянов, Рада, Соколовтар ерлік өліммен қаза табады. Олар өздері өлгенмен келешекке сенді. «Бостандық жақын! Халық еш қашан да өлмейді! Болгария ертең-ақ бостандық алады!» дейді ақырғы сөздерінде.

Олардың айтқандары іске асты. Болгар халқының аңсаған бостандық күні туды. Ғасырлар бойы қанға боялған бауырласына ұлы орыс халқы достық құшағын жайып, қолын созды, түрік езушілерінен құтқарды. Қалаға кірген орыс армиясын жергілікті халық шексіз қуанышпен қарсы алды.

Фильмнің алға қойған мақсаты: ол— халық еш уақытта да құлдықта қалмақ емес. Бүгін болмаса да, ертең-ақ құлдық бұғауының шынжырын тас-талқан етіп үзеді. Бірінің шамасы келмесе, достарының көмегі бар. Фильмді оқығанда желісі осыларға құрылған. Фильмнің тамаша құнды болып шығуының басты себебінің өзі, міне, осында.

Қорыта келгенде, бұл фильм жас болгар киностудиясының күн санап қулашының кеңіп келе жатқандығына, творчестволық жолда көп табысқа жеткендігіне толық дәлел бола алады.

«Езгіде» атты болгар кинофильмі кәзір облысымыздың кинотеатрларының экрандарында көрсетілуде. Еңбекшілер оны сүйсіне көруде.

Е. МЫРЗАҚМЕТОВ.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-38, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.